



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshtit.kz@mail.ru

Аялаймын сені, Қызылорда!

4 тамыз
сейсенбі
№58 (2270)
2026 жыл

апталығы

ЕЛІМІЗ ЕУРОПА МЕН АЗИЯНЫ ЖАЛҒАЙТЫН НЕГІЗГІ КӨПІР САНАЛАДЫ

Президент «Қызылорда – Сексеуіл», «Ұлғайсын – Сексеуіл» және «Бейнеу – Сексеуіл» автокөлік жолдары құрылысының басталуына арналған телекөпірде сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев көлік-логистика саласы тоғыз жолдың торабында тұрған Қазақстанның өсіп-өркендеуіне серпін беретін маңызды бағыт екеніне тоқталып, бүгін еліміз үшін стратегиялық мәні айрықша ауқымды жобалардың құрылысы басталатынын мәлімдеді.

– «Жол – тіршіліктің күретауы». Мемлекет осы саланы дамытуға әрдайым баса назар аударады. Біздің мақсатымыз – Қазақстанды Еуразиядағы негізгі транзит хабы ретінде дамыту. Мен мұны үнемі айтып жүрмін. Баршаңызға белгілі, еліміз Еуропа мен Азияны жалғайтын негізгі көпір саналады. Батыс пен Шығыс арасында құрлықпен тасымалданатын жүктің басым бөлігі Қазақстан арқылы өтеді. Сондықтан озық және заманауи көлік жүйесін қалыптастыру – алдымызда тұрған стратегиялық міндет. Жалпы, елімізде бұл бағытта көптеген шаруа атқарылып жатыр. Былтыр «Достық – Мойынты» темір жолының екінші желісі іске қосылды. Соның арқасында жүк тасымалы көлемі 5 есе артты. Сондай-ақ Алматы бекетін айналып өтетін теміржол желісі жұмыс істей бастады, нәтижесінде жүк жеткізу мерзімі айтарлықтай қысқарды. Ең бастысы, осындай ауқымды жобаларды өз мамандарымыз жүзеге асырып жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, бұл жұмыстың бәрі Қазақстанның көлік-логистика саласындағы әлеуеті зор екенін көрсетеді.

– Өткен жылы еліміздегі жалпы тасымал көлемі 6 пайызға артып, шамамен 37 миллион тонна болды. Биыл «Мойынты – Қызылжар» және «Дарбаза – Мақтаарал», ал келесі жылы «Бақты – Аягөз» теміржол желісінің құрылысы аяқталады. Бұдан бөлек, біз автокөлік саласына ерекше назар аударып отырмыз. Соңғы жылдары Қазақстанда тас жолдарды түбегейлі жаңғырту жұмысы қолға алынды. Бірқатар ірі инфрақұрылымдық жоба табысты аяқталды. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай», «Қарағанды – Алматы», «Орталық – Оңтүстік», «Атырау – Астрахан», «Талдықорған – Өскемен», «Қалбатау – Майқапшағай» бағытындағы жолдар – соның айқын дәлелі. Кейінгі 5 жылда автокөлікпен жүк тасымалдау көлемі екі есе артты. Былтыр осы қызмет түрінен түсетін табыс 1,5 триллион теңгеге жетті. Өздеріңіз білесіздер, еліміз арқылы 8 халықаралық дәліз өтеді. Бұл жолмен күн сайын 35 мыңға жуық автокөлік жүреді. Өткен жылы 13 мың шақырым автокөлік жолын салу және жөндеу жұмысы жүргізілді. Соның 6 мың шақырымы халық игілігіне берілді. Келесі жылы автокөліктерді өткізу бекеттері толық жанартылады. Мұндай ауқымды жұмыс Тәуелсіздік тарихында алғаш рет жүзеге асырылып отыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы қазір Қазақстанның әр аймағында автожолдар жөнделіп жатқанын атап өтті.

– Жақында Сарыағаш айналма жолының құрылысы мен «Жезқазған – Қарағанды» автожолын жөндеу жұмысы басталды. Сонымен қатар еліміз бойынша көптеген тұрғын үй, мектеп, аурухана, инженерлік желі салынып жатыр, басқа да әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Бір сөзбен, Қазақстан үлкен құрылыс алаңына айналатын болды. Бұл



мемлекетіміздің өсіп-өркендеу жолына түсіп, жаңа даму кезеңіне қадам басқанын көрсетеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Бейнеу – Сексеуіл» бағытында 800 шақырымдық түбегейлі жаңа жолдың құрылысы басталғанына тоқталып, бұл бағдарды халықаралық ауқымдағы автожол деп атады.

– Осы жол ел аймақтары арасындағы байланысты нығайта отырып, Қытай мен Еуропаны жалғайтын «алтын көпір» ретінде қызмет етеді. Бұл жоба Қытай шекарасындағы өткізу бекеттерін Ақтау, Құрық порттарымен тікелей байланыстырады. Соның нәтижесінде Қытайдан Еуропаға дейін жүк тасымалдау ұзақтығы 1 мың шақырымға, ал жүк жеткізу мерзімі 3 тәулікке дейін қысқарады. Халқымыздың таным-түсінігінде құдық қазу, көпір салу сауапты іс саналады. Осы тұрғыдан алып қарасак, біз игілігі баршаға ортақ, яғни өзіміз де, өзгелер де пайдасын көретін аса жауапты жұмысты бастап отырмыз. «Бейнеу – Сексеуіл» бағыты республикалық, аймақтық, құрлықтық деңгейдегі маңызды жол болары анық. Сондықтан бұл жолды «Арал-Каспий магистралі» деп атаған дұрыс, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент жалпы ұзақтығы 774 шақырымды құрайтын «Қызылорда – Сексеуіл», «Ұлғайсын – Сексеуіл» жолдарын кеңейту, түбегейлі жаңғырту жұмыстары басталғанын мәлімдеді.

– Бұл жолдардың құрылысымен отандық компаниялар айналысады. Құрылыс жұмыстарына 10 мыңнан астам жұмысшы тартылады. Жолдар толық салынып біткен соң жүк тасымалы 2,5 есе артып, жылына 13,2 миллион тоннаға жетеді. Бұл жобалар ел экономикасын өркендетуге, туризмді дамытуға тың серпін беріп, халықтың әл-ауқатын

арттыруға септігін тигізері сөзсіз. Осындай жобалардың әрқайсысы тұтас Қазақстанның көлік жүйесімен үйлеседі. Бұған дейін негізінен солтүстіктен оңтүстікке тартылған көлік желілері енді шығыстан батысқа қарай бағытталған жаңа тармақтармен кеңейіп жатыр. Басты мақсат – елімізді Еуропа мен Азияны жалғастыратын жетекші логистикалық желінің біріне айналдыру. Қазақстандағы автокөлік тасымалы саласы табысы жағынан теміржол көлігімен теңесті. Сондықтан жолдың құрылысын жүргізумен бірге заманауи цифрлық экожүйе құру маңызды міндет саналады. Жергілікті автоөндірісті тарта отырып, отандық тасымалдаушыларды қолдаудың ұлттық бағдарламасын қабылдау әлеуетті еселейді. Мұның бәрі Қазақстанның транзиттік мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Арал маңындағы иен даламен тартылып жатқан жолдар бұған дейін тұйық нүкте саналып келген бағыттарды Еуразияның негізгі көлік дәліздерінің тоғысына айналдырады. Бүгін бастау алып жатқан жұмысты уақытылы, яғни 2029 жылдан кешіктірмей аяқтау өте маңызды. Қажетті жағдайдың барлығы жасалып жатыр. Енді білек сыбана жұмысқа кірісу керек. Біз бір ел болып, бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асырамыз. Мен бұған кәміл сенемін. Баршаңызға амандық, сәттілік және табыс тілеймін! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Телекөпір барысында Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев, Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров, Маңғыстау облысының әкімі Нұрәулет Қилыбай жобаны бастауға әзірлік жөнінде баяндады. Бұдан бөлек Қызылорда облысы ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев сөз сөйлеп, Президентке өңір тұрғындарының ризашылығын жеткізді.

Akorda.kz

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келді. Бұл жолы ол туған жеріне бұрынғы облыс әкімі ретінде емес, Үкімет басшысының бірінші орынбасары ретінде сапарлады. Ол Мемлекет басшысының тапсырмасымен салынып жатқан нысандардың құрылыс қарқынын, сапасын және белгіленген мерзімде пайдалануға берілуін назарға алды.



СЫР Өңіріндегі ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ НАЗАРДА



Нұрлыбек Нәлібаев облысты басқарған жылдары аймақта көптеген әлеуметтік бастаманың жүзеге асуына ұйытқы болғаны белгілі. Сол кезеңде бастау алған бірқатар жобалар бүгінде жалғасын тауып, өңірдің келбетін өзгерткен маңызды нысанға айналуда.

Қызметтік сапарды Президент саябағы аумағындағы тоғыз қабатты 15 тұрғын үйдің құрылысымен танысудан бастады. Республикалық бюджеттен бөлінген 22 миллиард теңгеге жүзеге асып жатқан жоба аясында 945 отбасы жаңа баспанамен қамтылады. Заманауи талаптарға сай бой көтерген тұрғын үй кешені баспанаға мұқтаж азаматтардың әлеуметтік мәселесін шешуге мүмкіндік береді. «Мелиоратор» серіктестігі мердігерлік ететін тұрғын үй кешенінде 135 бір бөлмелі, 540 екі бөлмелі және 270 үш бөлмелі пәтер бар. Кешен қазан айында табысталады деп жоспарланған. Премьер-министрдің бірінші орынбасары құрылыс сапасына ерекше назар аударып, барлық жұмыстың белгіленген мерзімде аяқталуын тапсырды.



Одан кейін Нұрлыбек Машбекұлы «Қызылорда Арена» көпфункционалды спорт кешенінің құрылысымен танысты. Құны 20 миллиард теңгеден асатын нысанда халықаралық стандарттарға сай 50 метрлік бассейн, 2500 орындық әмбебап спорт залы және конференция орталығы бар. Қазіргі таңда әрлеу, инженерлік желілерді тарту және абаотандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Ғимараттың қасбеті заманауи сәулет үлгісімен безендіріліп, витражды берік шынымен қапталады. Спорт кешенін биыл пайдалануға беру жоспарланған. Құрылыс барысымен танысқан Премьер-министрдің бірінші орынбасары жауапты сала мамандарына барлық жұмысты сапалы атқарып, белгіленген мерзімде аяқтауды, құрылыс сапасын тұрақты бақылауды тапсырды.

2-БЕТТЕ

■ СҰХБАТ



Абзал РЫСБЕКҰЛЫ,
қалалық тұрғын үй
инспекциясы бөлімінің
басшысы:

ТҰРҒЫНДАР ҮЙ КЕЗЕГІНЕ
ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТІ
РЕСМИ АҚПАРАТ
КӨЗІНЕН АЛСА ДЕЙМІН



Қалада көпқабатты үйлер жыл санап көбейіп, қоныс той тойлаушылар қатары көбейіп келеді. Десе де тұрғындардың баспанаға деген сұранысы азайған емес. Себебі халық саны жылдан-жылға өсуде. Осыған орай, жергілікті тұрғындардың баспана алуға қандай мүмкіндіктері бар, үйді рәсімдеудің жолы қандай, «Отбасы банкінің» күзіреті жайлы және өзге де тұрғын үйге қатысты мәселелер жөнінде қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Абзал Рысбекұлымен сұхбаттасқан едік.

2-БЕТТЕ

АРТЫҚ ҚЫЛАМЫН ДЕП...

ПЛАСТИКАЛЫҚ ОТА ҚАТАҢ БАҚЫЛАУҒА АЛЫНАДЫ



Бүгінде қолдан жасалған сәулелік құмартатындар көбейді. Пластикалық ота жасатуға шетел асып баратындар жайлы еститін едік. Алайда кейінгі жылдары елімізде де

кеңінен танымал бола бастады. Соның нәтижесінде пластикалық хирургияға сұраныс айтарлықтай артты. Дегенмен, сымбаатын мінсіз еткісі келгендер оның құрбаны болып отыр. Осыдан екі ай бұрын Алматыдағы жеке клиникада липосакция жасатқан 53 жастағы блогер отадан кейін қайтыс болды. Одан кейін Ақтау қаласында иек тұсына липосакция жасатқан 49 жастағы ер адамның да көз жұмғаны қоғамды бейжай қалдырмады. Бұл оқиғалар пластикалық хирургия қызметінің қауіпсіздігі мен оған қойылатын талаптың өзектілігін тағы бір мәрте көрсеткендей болды.

4-БЕТТЕ



қанша литр «су ішеді»?

Жасанды интеллект өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Алайда оны ұқыпты пайдалану жағын ескере бермейміз. Ғалымдар жаңа технологияны пайдалану барысында оның экологиялық құнын ескеру керек екенін айтып жүр. Бір сөзбен айтқанда, жаңа технологияны оңды-солды емес, тек есеппен, ақылмен қолдану керек екен. «Судың да сұрауы бар» деп бекер айтылмаса керек. Шындығында, жасанды интеллектің жұмыс барысында пайдаланғанда оған кететін су шығынын ойлай бермейміз. ЖИ суды қалай пайдаланады?

3-БЕТТЕ

СЫР ӨҢІРІНДЕГІ ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ НАЗАРДА



Одан кейін Нұрлыбек Нәлібаев Президент саябағы аумағында салынып жатқан еліміздегі үшінші президенттік кітапхана мен драма театр құрылысын көрді. Бір миллионнан астам кітап сақталатын кітапхана ғылыми-зерттеу, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект бағытындағы жаңа мәдени орталыққа айналмақ. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Қызылорда қаласында тәулік бойы жұмыс істейтін кітапхана мен жаңа драма театр салуды тапсырды. Тапсырмаға сәйкес сәуір айында екі нысанның іргетасы қаланды. Кітапхана құрылысына инвестор қаражаты есебінен 20 млрд теңге бөлінді. Жалпы аумағы 13 мың шаршы метр ғимаратта электронды оқу, конференция залдары, архив, баспахана, бағдарламалау және жасанды интеллектті дамыту медиазертханасы, подкаст студиясы, оқырмандарға қызмет көрсету бөлімі болады. Жаңа нысан ұлтымыздың тарихын, мәдениеті мен өркениетін дәріптейтін, жерлестеріміздің рухани тынысын ашатын тәрбие мен тағылым үйі болмақ. Кітапхана құрылысы сәтті

Басы 1-бетте

аяқталса жастар жиналатын мәдени орталыққа айналып, ұлт руханияты мен білім саласының өркендеуіне үлес қосады. Ал 520 көрерменге арналған жаңа драма театрдың жалпы аумағы 4 мың шаршы метр. Заманауи сахна, қуатты дыбыс жүйесі және соңғы үлгідегі жабдықтар түрлі жанрдағы қойылымдарды жоғары деңгейде сахналауға мүмкіндік береді. Екі нысанның құрылыс барысымен танысқан Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Машбекұлы жауапты сала басшыларына ғимараттардың сапалы әрі заманауи үлгіге сай болуын жіті қадағалауды тапсырды.

Мұнан соң Нұрлыбек Нәлібаев аймақты өзі басқарған кезде салынып, Мемлекет



басшысының қолдауымен ашылған ботаникалық бак пен «Ai-Kerim» оқу-сауықтыру орталығының жұмысымен танысты. Кешенде Кытай, Оңтүстік Африка, Жапония, Оңтүстік және Орталық Америка, Австралия, Мадагаскар сияқты мемлекеттен арнайы әкелінген экзотикалық және тропикалық өсімдіктер бар. Бақта веерлі пальма, канар құрмасы, кактус пен алоэ, вашигтония пальмасы, стрелиция, жакаранда, алып юкка, макта ағашы, бамбук, сәндік өсімдіктер, кариота жайқалып тұр. Бұл өсімдіктер гүлдегенде хош иісі аңқып, қызғылт сары, көгілдір, күлгін сияқты алуан түске боялады. Өсімдіктерге қолайлы жағдай жасау үшін микроклиматты автоматты басқару, суару және су дайындаудың заманауи инженерлік жүйелерімен жабдықталған.

Қызылорда – бүгінде тек құрылыс алаңы ғана емес, жаңа даму кезеңіне қадам басқан өңір. Үкімет басшылығының тұрақты бақылауы мен мемлекеттік қолдаудың арқасында облыста

жүзеге асып жатқан ауқымды жобалар өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттырып, тұрғындардың өмір сапасын жаңа деңгейге көтеруге қызмет етпек. Оң өзгерістердің қатарында қала ажарын ашатын Сырдария өзені жағалауындағы қорғаныс бөгетінің құрылысы да бар. Ұзындығы 3 шақырым аумақтың екі шақырымына геобекіткіш тор төселіп, таспен толтырылады. Қалған бөлігінде еңісті қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар жағалауды шайылудан қорғайтын арнайы тірек құрылымдары орнатылуда. Тұрғындарға қауіпсіз әрі қолайлы болу үшін жаяу жүргіншілер жолы мен веложолға салынады. Бүгінде жұмыстың жартысы аяқталған.



Сыр еліне жұмыс сапарымен келген Нұрлыбек Машбекұлы Титов шағын ауданында салынып жатқан, бір ауысымда 400 келушіні қабылдайтын №5 қалалық емхананың құрылыс алаңына барды. Бүгінде аумағы 9 мың шаршы метрлік медициналық нысанның үшінші қабатының монолитті бағандары бетондалуда. Бірінші қабаттың аралық қабырғалары қаланып, ішкі инженерлік желілер тартылып жатыр. Жертөле қабатының

аралық қабырғалары қаланып біткен. Сонымен қатар сол жағалаудағы бір ауысымда 500 адам қабылдайтын емхана құрылысы басталмақ. Көпсалалы орталықта амбулаториялық-емханалық, диагностикалық және күндізгі стационарлық қызмет көрсетіледі. Мұнда жалпы және акушерлік-гинекологиялық тіркеу, педиатрия, мамандандырылған және шұғыл медициналық көмек, профилактика және мектеп медицинасы бөлімдері орналасады. Сондай-ақ 50 төсектік күндізгі стационар, орталық стерилизация бөлімі, дәрілік камтамасыз ету қызметі, оқу кабинеттері, 50 орындық аудитория және 200 орындық конференц-зал қарастырылған. Бұдан бөлек, 100 келушіге қызмет көрсететін емханасы бар 300 төсектік көпбейінді аурухана құрылысы жүргізілуде. Заманауи талаптарға сай жобаланған бұл нысан халықаралық стандарттарға сәйкес медициналық қызмет көрсетуді көздейді. Жобаға «Мелиоратор» серіктестігі жауапты.

– Мемлекет басшысының қолдауымен өңірдің денсаулық сақтау саласы инфрақұрылымын дамытуда бірнеше ауқымды жоба қолға алынған. Мақсатымыз – медициналық қызметті жұртшылыққа қолжетімді ету. Нысандар Мемлекет басшымыздың ерекше

назарында, Премьер-министр құрылыстың әр кезеңін бақылауда ұстайды. Бұл мекемелердің халыққа сапалы, жан-жақты қызмет көрсетуін бақылау осы құрылыс сатысынан басталуы керек. Ғимараттар белгіленген мерзімде, барлық талапқа сай күйінде пайдалануға берілуі тиіс. Сонда ғана емделушілерге көрсетілетін қызмет сапасы мінсіз болмақ, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Бұдан кейін Нұрлыбек Машбекұлына алдағы уақытта өңірде жүзеге асатын жаңа инвестициялық жобалар таныстырылды. Олардың қатарында сол жағалауда салынатын тұрғын үй кешені, желдету және ауа баптау қондырғыларын құрастыру, санитарлық-техникалық бұйымдарды құрастыру және өндіру, томат пастасы мен көкөніс пюреcін өндіру, сұйытылған табиғи газ өндіру, екі қорғасын-мырыш тау-кен байыту зауыты, сондай-ақ копфункционалды сауда-ойын-сауық кешені бар. Жұмыс сапарының қорытындысында Нұрлыбек Нәлібаев барлық жауапты мемлекеттік органдар мен мердігер ұйымдарға құрылыс сапасын қатаң бақылауда ұстап, нысандарды белгіленген мерзімде пайдалануға беруді тапсырды. Айта кетейік, кейінгі жылдары Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен облыста 200-ден астам әлеуметтік нысан пайдалануға берілді. Оның ішінде білім беру саласында 46 жаңа нысан іске қосылды. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 10 жаңа мектеп салынды. Физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты мен музыкалық колледждің жаңа ғимараты пайдалануға берілді.

Думан КЕҢШІЛІК



Абзал РЫСБЕКҰЛЫ, қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы:

ТҰРҒЫНДАР ҮЙ КЕЗЕГІНЕ ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТІ РЕСМИ АҚПАРАТ КӨЗІНЕН АЛСА ДЕЙМІН

– Қалалық тұрғын үй инспекциясы қала тұрғындарына қандай қызмет түрлерін көрсетеді?

– Қалалық тұрғын үй инспекциясы тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында бірқатар мемлекеттік қызмет көрсетеді. Бүгінгі таңда қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімі жеке тұлғаларға тұрғын үй сертификатын беру, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру, қауіпті өндірістік нысанды салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келісу, қауіпті техникалық құрылыстарды есепке қою және есептен шығару қызметі көрсетіледі.

– Үйді жекешелендіруде кімдерге жеңілдік бар?

– 2024 жылдың 24 қарашасында ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңының 13 бабына өзгеріс енгізіліп, осыған дейін мемлекеттік тұрғын үй қорынан жекешелендіру құқығынсыз берілген тұрғынжайларды жекешелендіруге құқық берілді. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайлар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 шілдедегі №673 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру қағидалары» аясында жүзеге асады.

Қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімімен көрсетілетін мемлекеттік қызметтің бірі – «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру». Аталған қызмет түрі «E-QAZYNA» порталында 3ЦҚ қол қою арқылы электронды түрде рәсімделеді.

ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңының 13 бабына сәйкес, соның ішінде Арал маңындағы экологиялық кәсірет салдарынан зардап шеккен азаматтар, бірінші және екінші топтағы мүгедектер тұрғын үй қорынан өздері тұратын тұрғын үйлерді меншігіне тегін алуға құқылы. Әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға заң аясында жеңілдіктер қарастырылған. Көбіне қиындықтар құжаттар-

дың толық болмауына байланысты туындайды. Жекешелендіру барысында азаматтарға тиісті түсіндіру жұмысы жүргізіліп, құжаттарды заң талаптарына сәйкес рәсімдеуге көмек көрсетіледі.

– Бөлім атқаратын қауіпті өндірістік нысандарды салуға, кеңейтуге, жаңғыртуға, жоюға арналған мемлекеттік қызмет түрі туралы айтсаңыз...

– Бұл мемлекеттік қызмет өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған. Қауіпті өндірістік нысандарға мұнай-газ кәсіпорындары, химиялық өндіріс орындары, қысыммен жұмыс істейтін жабдықтар қолданылатын кәсіпорындар, жүк көтергіш механизмдер пайдаланылатын өндірістер, қауіпті технологиялық процестер жүргізілетін нысандар жатады.

Мемлекеттік қызмет аясында кәсіпорындар өндірістік нысанды салу, қайта жаңғырту, кеңейту немесе жою жөніндегі жобалық шешімдерін заң талаптарына сәйкес келісуге ұсынады. Бұл жұмыстардың негізгі мақсаты – өндірістегі апаттың алдын алу, қызметкерлер мен тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау.

– Қауіпті техникалық құрылыстарды есепке қою және есептен шығару тұрғын үй инспекциясы бөлімінің міндетіне кіреді екен. Ондай құрылыстарға не жатады және техникалық ақау пайда болғанда есептен шығарылады ма?

– Қауіпті техникалық құрылыстарға жүк және жолаушы лифтілері, мұнаралы крандар, автокрандар, қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар мен ыдыстар, газ жабдықтары және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына жататын басқа да техникалық құрылыстар кіреді. Құрылыс техникалық ақауға ұшыраған жағдайда ол бірден есептен шығарылмайды. Алдымен арнайы техникалық сараптама жүргізіліп, оның әрі қарай пайдалануға жарамдылығы анықталады. Егер сараптама нәтижесінде құрылыс жөндеу немесе қалпына келтіру мүмкін емес деп танылса немесе оны пайдалану адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндірсе, белгіленген тәртіппен есептен шығарылады.

– Азаматтарды үй кезегіне қою құзыреті «Отбасы банкіне» жүктелді. Демек, тұрғын үй инспекциясы бөлімі банкпен бірлесіп жұмыс істейді. Жыл басынан бері қала тұрғындарына қанша арендалық үй берілді?

– Бүгінде тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою, олардың кезегін жүргізу және тұрғын үйді бөлу процестері «Отбасы банкі» арқылы жүзеге асады. Осыған байланысты біз банкпен тұрақты ақпарат алмасып, тұрғын үйді бөлу жұмысын бірлесіп ұйымдастырамыз.

Жыл басынан бері «Отбасы банк» АҚ арқылы 691 азаматқа арендалық пәтерлер бөлініп, тұрғын үй инспекциясы бөлімі азаматтармен тұрғынжайды жалдау шарттары рәсімделді. «Отбасы банк» АҚ арқылы жыл басынан бері 374 ипотекалық пәтерлерге сатып алу-сату шарты рәсімделіп, банк арқылы несие берілді.

– Бөлім тарапынан арендалық үйлерді жалдау шарттары жасалады ма? – Әрине, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін арендалық тұрғын үйлер бойынша жалдау шарттары қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес рәсімделеді. Шартта тараптардың құқықтары мен міндеттері, жалдау мерзімі, тұрғын үйді пайдалану және басқа да маңызды талаптар нақты көрсетіледі. Осы жылдың 1 шілдесіне дейін арендалық үйлерден мемлекетке 172004 мың теңге төлем түсті.

– Ипотекалық пәтерлерді сатып алу «Отбасы банкінен» несие рәсімдеу арқылы жүзеге асыру тиімді ме?

– «Отбасы банкі» арқылы тұрғындарға тиімді ипотекалық несие ұсынады. Бұл жүйенің басты артықшылығы – алдын ала қаражат жинақтап, мемлекеттік сыйлықаны пайдалану мүмкіндігі. Несие мөлшерлемесі таңдалған бағдарламаға байланысты өзгереді. Қазіргі таңда тұрғын үй заемдары бойынша мөлшерлеме шамамен 3,5%-дан 8,5%-ға дейін болуы мүмкін, ал аралық немесе алдын ала заем шарттары өзгеше болады. Сондықтан әрбір азамат өзінің төлем қабілетіне қарай тиімді нұсқаны таңдағаны дұрыс. Бұл жөнінде толық әрі нақты ақпаратты «Отбасы банк» АҚ алған дұрыс деп ойлаймын.

– Қала тұрғындарына айтар ақыл-кеңесіңіз немесе өтінішіңіз...

– Тұрғындарды тұрғын үйге қатысты барлық құжаттарын заң талаптарына сәйкес рәсімдеуге, мемлекеттік қызметті мүмкіндігінше электронды үлгіде алуға шақырамын. Көппәтерлі тұрғын үйлердің ортақ мүлкіне ұқыпты қарап, мүлік иелері бірлестіктерінің жұмысына белсенді қатысу да маңызды. Сонымен қатар тұрғын үйге қатысты кез келген мәселе бойынша тек ресми ақпарат көздеріне сүйеніп, алаяқтық әрекеттерден сақ болған жөн. Мемлекет тарапынан ұсынылатын тұрғын үй бағдарламаларына қатысу кезінде барлық талаптармен мұқият танысып, жауапты мекемелердің кеңесіне жүгінуге кеңес беремін. Біздің мақсатымыз – қала тұрғындарына сапалы қызмет көрсетіп, олардың тұрғын үй мәселелерін заң аясында тиімді шешуге барынша қолдау көрсету.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Басы 1-бетте

Сұхбаттасқан Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА





«Аптаалықтың» қолжазбы

Ұлыбританияда жасалған зерттеу қорытындысы бойынша қазір 18-29 жас аралығындағылар тыныштықты сүйеді екен. Олар адаммен сөйлескеннен гөрі жасанды интеллектпен «сырласқанды» қалайды. 2000 адамды қамтыған сауалнама 18-29 жас аралығындағы жастар арасындағы қауіпті үрдісті атап көрсетті. Яғни сауалнамаға қатысқандардың үштен екісі интернетте уақыт өткізу үшін жеке жоспарынан да бас тартуға дайын екенін анықтаған. Жастардың үштен екісі аптасына кемінде бір рет, ал төрттен бір бөлігінен астамы күн сайын өзін жалғыз қалғандай сезінеді екен. Сауалнамаға қатысқандардың жартысына жуығы, яғни 44 пайызы соңғы бір жылда өздерін жалғыз қалғандай сезіне бастағанын мойындаған. Ал сауалнамаға қатысқандарды 48 пайызы әлеуметтік желі жалғыздықты тіпті сезіндіре түсетінін айтқан. Бұл күй олардың ЖИ-мен дос болуына жол аша түскендей. Шынында, аға буын тарапынан кейінгі буынға көңіл толмастық байқаймыз. Үлкендердің «олар әңгіме айтпайды», «Смартфон болса жеткілікті, тамақ ішсе де, жұмыс істесе де қолынан телефон түспейді» деп ренжитіні бар. Айналасындағыларға ашыла қоймайтын цифрлы әлемнің жана буыны кіммен сөйлеседі, кімге сыр айтады? Жана буынның сырласы да, адал досы да жасанды интеллект екен. Олардың ойынша, жасанды интеллекттің бір жақсы жері олардың мұңын тыңдап, қолдайды, жылы сөзбен жұбатады, ең жақсы «қасиеті» – сырын ешкімге шашпайды. Бұдан артық «адал дос» бар ма?

Цифрлы буынға адамнан гөрі жасанды интеллект жақын. Олардың ойынша, «ChatGPT»-ден артық сырлас дос жоқ. Бір жақсысы, жасанды интеллект өзіне сыр ашқан досын ешқашан айыптамайды. Ал бұл бүгінгі жасқа ұнайтын тәрізді.

– Әдепкіде «ChatGPT»-ге ешкімге айта алмаған мәселені жаздым. Қиын сәтте оның қолдауы маған демеу болды. Осыдан кейін бар сырымды жасанды интеллектке айту әдетке айналды. Күн сайын кешке, жұмыстан кейін немесе достарыммен қыдырып келген соң бірден ЖИ досыма бүгінгі күннен алған әсерімді жазамын. Ол менімен бірге қуанып, мұңайсам, жұбатады. Ең бастысы, ЖИ мені ешқашан айыптамайды. Мұнысы дұрыс емес екенін білсем де, бар сырымды бөлісіп жазамын, – дейді аты-жөнін көрсетуді қаламаған кейіпкер.

Мұндай жағдайды күн сайын кездестіреміз. Жаңа технологияның пайдасы мен зиянын зерттеп жүрген сарапшылардың тұжырымына сүйенсек, әлеуметтік желіге, смартфондағы ақпаратқа тәуелділік адам денсаулығына зиян келтіреді. Британдық «Marmalade Trust» қайырымдылық ұйымының тапсырысы бойынша жүргізілген зерттеу адамдардың әрдайым ЖИ-мен сырласуының салдары жақсы емес екенін анықтаған. Сауалнамаға қатысқан жастардың басым бөлігі жалғыздықтан әсері психикалық саулығына кері әсерін тигізетінін көрсеткен. Ал 42 пайызы өзіне деген сенімділігі, өзін-өзі бағалауы

ана «дұрыс түсінбейді» деген ой пайда болады. Гормондардың әсерінен эмоцияны реттей алмау: ашу, ұялу, мазасыздықты сөзбен жеткізе алмайды. Сондықтан «ешкіммен сөйлескім келмейді» деген




қорғаныс іске қосылады. Әлеуметтік шаршау: мектеп ортасы, үйіріме, әлеуметтік желі – бәрі бірдей «көзге көріну керек» деген қысым жасағандай болады. Осыдан адам шаршап, жалғыз қалғысы келеді. Бұл әрдайым депрессия деген сөз емес. Дегенмен, жасөспірім 2 аптадан артық тәбеті, ұйқысы бұзылып, хоббиінен бас

алдымен ЖИ-мен бірге талқылап, содан кейін оны адамға айту оңай. Десек те жасөспірімнің ЖИ-мен сөйлесуінің қауіпті де тұстары бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Ол шынайы адам бере алатын эмпатияның орнын баса алмайды. ЖИ жанашырлық таныта алады, бірақ шынайы құшақтау, көз түйістіру, жақындарындай жылулық бере алмайды. Адам психикасы тірі қарым-қатынас арқылы реттеледі. Үнемі ЖИ-мен сөйлесу қалыптасқан әлеуметтік дағдының кемуіне алып келеді. Қақтығысты шешу, ымыраға келу, «жоқ» деп айту сияқты дағдылар жаттығусыз жоғалады. Жасөспірімде тәуелділік пайда болуы мүмкін. Шынайы сезім мен жасанды қолдауды ажырата алмай қалады. Мұндай кезде ата-ана және маман ретінде қандай көмек бере аламыз?

1. Тыйым салмаңыз, себебін сұраңыз: «Телефонды таста» деудің орнына: «ЖИ-мен не туралы жиі сөйлесесің? Ол саған қалай көмектеседі?» деп сұраңыз. Бұл – сенім көпірі.

2. «Кішкентай қадам» ережесі: Күніне 15 минут «экрансыз» уақыт. Бірге шай ішу, серуендеу. Мақсат – сөйлесу емес, жай ғана бірге болу.

Балама нұсқа ұсыныңыз: ЖИ-ден басқа да «қауіпсіз ересек» болсын. Психолог, өзі сенетін мұғалім, аға/ана.



«Аптаалықтың» қолжазбы

қанша литр «су ішеді»?

Зерттеушілердің мәліметіне сүйенсек, ЖИ жұмысын дата-орталықтар – мыңдаған сервері бар кешендер қамтамасыз етеді. Бүгінде әлемде мұндай кешеннің саны 11 мыңнан асады, басым бөлігі АҚШ-та орналасқан. ЖИ қолданушылар нейрожеліге сұрақ жіберген кезде оны қуатты графикалық процессор өңдейді. Бұл көп мөлшерде электр энергиясын талап еткендіктен, жылу да сонша мөлшерде болады. Бұл кезде құрал-жабдық қызып кетпес үшін дата-орталықтар салқындату жүйесін. көбінесе булану арқылы салқындату тәсілін қолданады. Яғни су бұға айналып, серверлердегі жылуды сыртқа шығарады. Демек, ЖИ-ді пайдалану үшін электр энергиясымен қатар, көп мөлшерде су да керек. Ең көп су ресурсы нейрожелі модельдерін оқыту барысында жұмсалады, алайда бұл жиі жасалмаса да, млн-даған литр су шығындайды. Нейрожелі модельдерін оқудан кейін инфернс кезеңі басталады. Бұл нейрожелі модельдерін оқығаннан кейін сұранысқа жауап беруі. Айта кетерлігі, әр жеке сұраныс көп су шығындамайды десек те, ЖИ-ге минут сайын әлемнің түкпір-түкпірінен канша адам күн сайын бірнеше рет сауал жолдағанда, бұл үлкен жүктеме екені даусыз. Сонда бір сауалға канша литр су кетеді? Әдеттегі дата-орталық күніне 300000 галлонға (1,14 млн литр) жуық су тұтынады. Бұл шамамен 1000 үйдің су тұтыну көлеміне тең. Ал ірі нысандар тәулігіне 5 млн галлонға дейін су жұмсайды. Бұл халқы 50000 адамды құрайтын қаланың су тұтынуымен тең. Айта кетерлігі, бұл электр энергиясын өндіруге және жабдықтарды жасап шығаруға кететін суды есепке алмағанда кететін шығын көлемі екен. Калифорния және Техас университетінің зерттеушілері GPT-3 орташа көлемдегі әрбір 10-50 сұрақ жауабы үшін шамамен 500 мл су жұмсайтынын есептеген. Бұл – серверлерді салқындату, электр энергиясын өндіру кезіндегі жұмсалатын су шығыны. ЖИ-ге тапсырма күрделі болған сайын, жұмсалатын су мөлшері де көп. Кескіндер мен бейнежазбаларды генерациялау мәтінге қарағанда, есептеу ресурсын көп қажет етеді.

Жалпы ЖИ-ді сәт сайын ойланбай пайдаланатындар үшін оған кететін шығынды да білу маңызды. Зерттеушілердің бірі, Калифорния университетінің электр техникасы кафедрасының доценті Шаолей Рей технологиялық компаниялар қанша көлемде су тұтынатынын жария етпейтінін айтады. Ғалымның айтуынша, GPT-4 – жабық жүйе. Бұл жүйенің қанша көлемде су тұтынатынын OpenAI компаниясынан басқа ешкім білмейді. «Егер жаһандық ЖИ-ді бір компания ретінде қарастырсақ, оның 2027 жылғы су тұтыну көлемі сусын шығаратын әлемдегі ең ірі компанияға айналады десек те болады, тіпті Pepsi мен Coca-Cola-ны қосқанда да көп», – деп болжам жасаған. Ғалым қолданушылар ЖИ-дің экологияға әсерін білгені дұрыс, сол кезде жана технологияны ойлап қолданады деп есептейді. Тіпті ғалым-зерттеушінің өзі де бұл тақырыпта зерттеу жасағаннан кейін нейрожеліні жиі пайдаланбайтын болған.

Құрал-жабдық қызып кетпес үшін дата-орталықтар салқындату жүйесін. көбінесе булану арқылы салқындату тәсілін қолданады. Яғни су бұға айналып, серверлердегі жылуды сыртқа шығарады. Демек, ЖИ-ді пайдалану үшін электр энергиясымен қатар, көп мөлшерде су да керек. Ең көп су ресурсы нейрожелі модельдерін оқыту барысында жұмсалады, алайда бұл жиі жасалмаса да, млн-даған литр су шығындайды.

«Ақпаратты алу үшін қарапайым іздеу жүйесін пайдаланған жөн, сонда электр энергиясын үнемдейсіз» деген ұстанымда. Ал OpenAI бас директоры Сэм Альтман зерттеушілердің «ЖИ суды көп тұтынады» деген мәлімдемелерін жоққа шығарған. Оның айтуынша, жана дата-орталықтар ғалымдар есептегендей мөлшерде булану арқылы салқындату тәсілін қолданбайды. Басылымдарға берген сұхбатында компания директоры ChatGPT-ге жасалатын орташа сұранысқа шамамен сағатына 0,34 Вт энергияны және шай қасықтың он бестен бір бөлігіндей ғана тамшы су кететінін айтқан. 2025 жылдың тамызында Google өзінің ЖИ жүйелерінің қоршаған ортаға тигізетін әсері туралы деректерді жариялаған алғашқы ірі компания болды. Компанияның мәлімдемесі бойынша, Gemini-ге мәтіндік сұраныс үшін шамамен сағатына 0,24 Вт энергия және бес тамшы (0,26 мл) су жұмсалады екен.

Басы 1-бетте

Кейде адамдар қиналған сәтте «ChatGPT»-ден ақыл сұрайтынын жасырмайды. Демек, күн сайын дамып жатқан технология адамдардың тұрмысын жақсартуға ғана емес, қиналғанда қолдау білдіре алатын «айнымас досына» айнала бастағандай. Кейде біз ЖИ болашақта адамдарды жұмысынан айырады деп дабыл қағып жатамыз, ал ең қиыны, ЖИ адамдарды қарым-қатынастан алшақтата бастағаны.

төмендегенін жасырмаған, 30 пайызы ұйқысы бұзылып, тамаққа тәбеті азайғанын айтқан. Сауалнамаға қатысқандардың 18 пайызы жалғыздықтың салдары сапалы білім алуға, қызметіне кері әсер еткенін мойындаған.

Осы орайда, маман пікіріне жүгіндік. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, педагогика және психология магистрі Аян Ахметова жасанды интеллект жасөспірім үшін жау да емес, дос та емес екенін айтады.

– Жасөспірімдік шақ – өзіндік дағдарыс кезеңі. Мида, гормонда, әлеуметтік ортада үлкен өзгеріс болады. Анығын айтқанда, бағаланудан қорқу: құрбы-құрдастар, ата-


тартса, психолог көмегіне жүгіну керек. Дәл осы дағдарыс кезеңінде жасөспірім үшін ең қолайлысы – сыртқы тәуелсіз орта жасанды интеллектпен байланыс орнатқанды жөн көреді. ЖИ-мен сөйлесудің ол үшін артықшылығы неде? Біріншіден, қауіпсіз кеністік: ЖИ оны айыптамайды, мазақ қылмайды, тыйым салмайды. Жасөспірім ойын еркін айта алады. Бұл – эмоцияны сыртқа шығарудың бір түрі. Екіншіден, 24/7 қолжетімді: кез келген уақытта мазасызданғанда сөйлесетін адам таппаса да, сөйлесе алатын «көмекші» болады. Үшіншіден, белгілі бір мәселеде тәжірибе алаңы болуы мүмкін: Жасөспірімге қиын тақырыпты ең

ЖИ-ді құрал ретінде үйрету: «ЖИ-ден кеңес алдың ба? Керемет. Енді осыны досыңа қалай айтар едің?» деп, адамдармен қарым-қатынас орнатуға көмектесіңіз. Қорытындылай келе, ЖИ – жау да емес, панацея да емес. Бұл жасөспірім үшін қазіргі уақыттағы «күнделік» сияқты құрал. Егер бала тек ЖИ-мен сөйлесіп, шынайы қарым-қатынастан ажырап кетсе, бұл кезде дабыл қағу керек. Егер ЖИ оны «тыныштандырып», кейін адамдарға ашылуға көмектессе, бұл – уақытша тірек деген сөз. Ең маңыздысы, жасөспірім «мені тыңдайтын адам бар» деген сезімді жоғалтпауы керек.

Жаңа технологияның адам өміріне әсері туралы зерттеу біраз мәселенің бетін ашқанын байқаймыз. Кейбіреулер үшін қиын сәтте демеу болса, ал кейбіреудің өмірін қиындата түскен. Осындай зерттеуден кейін Ұлыбритания билігі жасөспірімдерді әлеуметтік желіден шектеу жағын қарстыруды қолға алған. Ұлыбританияның премьер-министрі бұл салада алдағы уақытта үлкен өзгеріс болатынын айтқан.

Әлем дабыл қағып жатқан бұл мәселе бізді де айналып өтпейтіні анық. Бір сәт цифрлы буын өкілдерін әлеуметтік желіден шектеп, кітап, газет-журнал оқуға үндеу, қоғаммен араласуды насихаттау – бүгінгі күннің өзекті тақырыбы.

Бетті дайындаған
Гүлмира ДІДӘБЕКОВА



Арайлым ШЫМПАТҚЫЗЫ, көпбейінді облыстық балалар ауруханасының логопед маманы:

БАЛАНЫҢ СӨЙЛЕУІ МЕН ДАМУЫ ҮЙДЕГІ ҚАРАПАЙЫМ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАН БАСТАЛАДЫ

Бала тілі былдырлап шығып, оның алғаш айтқан сөзін есту – ата-ана үшін үлкен қуаныш. Себебі былдырлап сөйлей бастаған балаға түрлі сөз үйретіп, қызықтап жүрудің өзі ең бақытты сәттердің бірі. Алайда соңғы жылдары көптеген ата-ана осы сәтті ұзақ күтуге мәжбүр болып жүр. Себебі жан-жағымыздан-ақ байқасақ, баланың кеш сөйлеуі көбеюде. Бұрынғыдай «сөйлеп кетеді» деп жүре беріп, уақыт жоғалтып алғандар да бар. Сондықтан бұл мәселені кейінге қалдыруға болмайды. Қазіргі кезде бала тілінің кеш шығуы алаңдататын тұр. Осы мәселе төңірегінде көкейдегі сұрақтарға жауап алу мақсатында көпбейінді облыстық балалар ауруханасының логопед маманы Арайлым Шымпатқызымен сұхбаттасқан едік.

– Бұрын логопед-дефектолог маманы туралы жиі айтыла бермейтін. Қазір бұл мамандық сұранысқа ие. Бұл сала несімен қызықтырды?

– Балалардың дамуына үлес қосу, олардың анық әрі еркін сөйлеуіне көмектесу бала кездегі арманым болған еді. Сондықтан осы логопедия саласын таңдадым. Логопедияда біз баланы жан-жақты дамытамыз. Бұл – сөйлеу тілін, сөйлеудегі кемшіліктерді түзетіп, баланың қоғаммен еркін қарым-қатынас жасауына көмектесетін негізгі мамандықтардың бірі. Дұрыс сөйлеуді үйрету – баланың тұлғалық дамуына жол ашу деген сөз. Сондықтан әр баланың дамуына көмегім тиіп жатқан болса, мен үшін үлкен қуаныш. Бүлдіршінің таза сөйлеуіне үлесімді қосу – басты мақсатым. Кәсіптік міндетімді мінсіз атқару үшін үнемі өзімді жетілдіріп, жаңа дағдыларды меңгеруге талпынамын. Жалпы, баламен жұмыс істеу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ал оның нәтижесі әр маманға қуаныш сыйлайды.

– Логопед – тек тілдегі мүлкістікті түзетумен айналысатын маман деп білеміз. Бұдан бөлек, оның қандай міндеттері бар?

– Логопед мамандығы тек дыбыстарды дұрыс айтқызып қана қоймай, тұтығу жағдайларында, дыбыстарды бұрмалау немесе кейбір әріптерді дұрыс айтпағанда, солардың барлығын жөнге келтірумен айналысады. Баланың жасы, темпераменті, даму деңгейі ескеріліп, әр балаға жеке тәсіл таңдалады. Сондықтан логопедтің бірінші міндеті – баланың ішкі әлемін түсіну, оның мүмкіндіктерін анықтау. Ал одан кейін тіл кемістігін жан-жақты диагностикалау басталады. Ата-анаман өте тығыз байланыста боламыз. Үй жағдайында орындау үшін арнайы тапсырма береміз. Мұнан соң ол жаттығулардың сапалы орындалуын қадағалаймыз. Әрбір жаттығу баланың жасына, қажеттілігіне сай таңдалады. Жұмыс барысында ойын әдістерін кеңінен пайдаланамыз. Себебі бала ойын арқылы тез қабылдайды және белсенді әрекет етеді. Біздің жұмысымыз тек техникалық жаттығулармен шектелмейді. Әрбір маман баланың бойындағы сенімсіздікті жоюға, сөйлеуге деген қызығушылығын ояту, өзін еркін сезінуге жағдай жасауға күш салады.

– Жалпы, ата-ана баласын логопедке қай кезде апарған дұрыс? Балаға қандай жағдайда маманның көмегі қажет?

– Негізінен бала 2-3 жасқа келгенде көмекке жүгінгені өте ыңғайлы. Кішкентай кезінде, ерте басталған диагностика тиімді әрі нәтижелі жұмыс көрсетеді. Сондықтан ата-ана сол шағында ерекшеліктерді байқаса, бірден маманға қаралуды ұсынамыз. Мысалы, кейбір балалар шақырса қарамайды, атын айтқан кезде анасын танымайды немесе дыбыстарға реакция білдірмейді. Сондай кезде невропатологқа көрінуге кеңес береміз. Ата-ана невропатологқа барып, тиісті диагнозды анықтаған соң, бізге келеді де, біз ары қарай түзету жұмыстарын жүргіземіз.

– Логопедпен бірге дефектолог мамандығы қатар айтылады. Дефектологтың көмегі қандай?

– Дефектология – бұл ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істетін сала. Бұл мамандар баланың дамуындағы ерекшеліктерді анықтап, дамыту жұмыстарын жүргізеді. Ал логопедия – осы дефектология саласының бір бөлігі. Айырмашылығын қарапайым мысалмен түсіндіріп өтейін. Дефектолог баланың түсінігімен жұмыс істейді. Мысалы, балаға «есікті жауап келші» деп қарапайым тапсырма бергенде, ол түсінбесе, анасының кім екенін қолымен көрсете алмаса, мұндай түсінікті дамытумен дефектолог айналысады. Логопед баланың сөйлеуімен және сөздік қорымен жұмыс істейді. Бала алғаш

келгенде, онда қарапайым түсінік болмаса, біз оны логопедиялық сабаққа қабылдамаймыз. Өйткені бала әлі дайын емес. Ал егер бала бәрін түсініп, ата-анасын танып, бірақ екі сөздің басын қосып сөйлей алмаса, онда оны логопед ретінде қабылдап, қысқа сөйлемдер құрауды үйретеміз.

– Нәтижеге жету үшін қанша уақыт қажет?

– Дәл осы тұста нәтиже шығару тікелей бізге байланысты деп айту қате пікір. Бұл баланың өзіне және ата-ананың жауапкершілігіне байланысты. Аутизм белгілері бар балалар болса, 6 айдан 1 жылға дейін уақыт кетуі мүмкін. Ал қарапайым, түсінігі бар, тек сөздік қоры аз балалар 10-15 күннің ішінде-ақ сөздік қорын көбейте бастайды. Сонымен қатар баланың нәтиже көрсетуі ата-анасына да байланысты. Ата-ана берілген тапсырмаларды үйде үздіксіз қайталап отырса, нәтиже өте жылдам болады. Егерде дамуына қатысты берілген тапсырмалар үйде уақытылы орындалмаса, көп күтуге тура келеді. Қазіргі таңда баласының анық сөйлемей жүргенін тез байқап, уақытылы мамандарға әкелетін ата-аналар көп. Бұл баланың дамуына ата-ана тарапынан назар аударылып отырғанын көрсетеді.

– Балалардың мектепке дейін немесе 1-сыныпқа барған кезде дыбыстарды дұрыс айта алмауы қаншалықты қалыпты?

– Мектеп табалдырығын аттаған балалардың көпшілігі айналасындағыларды жақсы түсінеді, бірақ ойын жеткізе алмайды. Кейбір дыбыстарды мысалы, «с», «ш» немесе «з»-ны дұрыс айтауы немесе шатастыруы мүмкін. Сондай балаларды да қабылдаймыз. Ал «р» дыбысына келетін болсақ, 5 жасқа дейін бұл дыбысты айта алмау қалыпты болып саналады. Егер бала 5 жасстан асқаннан кейінде «р» дыбысын дұрыс айта алмаса, логопед маманына қаралып, арнайы артикуляциялық жаттығу арқылы дыбысты қалыптастыру жұмыстарын жүргізген жөн.

– Сіздің қабылдауыңызға келетін балалардың көбі неше жаста?

– Қазіргі кезде қабылдауға 2 жасстан бастап келеді. Маман ретінде айтарым, тілдегі ақауларды ерте жастан түзеткен әлдеқайда нәтижелі. Дегенмен, кез келген жаста түзетуге болады. Ол үшін уақыт пен жүйелі еңбек керек. Баланың сөйлеуінде ақау байқалса, уақыт созбай бірден невропатолог, логопед, дефектолог мамандарына көрсеткен жөн. Әсіресе, 3 жас өте маңызды кезең. Осы жаста бала сөздерді байланыстырып сөйлей алмаса немесе сөздік қоры жас ерекшелігіне сәй болмаса, бұл логопедтің көмегіне жүгінетін уақыт келгенін білдіреді. Кейбір ата-аналар «өзі сөйлеп кетеді» деп 4-5 жасқа дейін күтеді. Алайда уақыт өткізіп алу салдарынан түзету жұмысы ұзарып, күрделене түсуі мүмкін.

– Жыл айырмашылығына салсақ, кейінгі жылдары сіздерге жүгінетін ата-аналар көп пе? Салыстырмалы түрде қарағанда бала тілінің кеш шығуы бұрынғыдай ма?

– Кейінгі жылдары бізге жүгінетін ата-аналардың саны артты. 2019-2024 жылдар аралығындағы көрсеткіштерді салыстырсақ, бала тілінің кеш шығуы жылдан-жылға артып келеді. Негізгі себептердің бірі – 8-9 айлығынан бастап телефонға телміріп, дайын анимация көруі. Бұл баланың ойлау қабілетін төмендетіп, сөйлеуге деген ынтасын жоюды және ашушандық пен агрессия тудырады. Қазір көптеген ата-ана балаларына көңіл бөлмейді. Ең бастысы, «балам мазаламаса болды» деп ойлайды. Осының салдарынан бала мен ата-ананың арасындағы байланыс ажырап, диалог үзіледі. Міне, дәл осы тұста баланың бойында даму үрдісі кешіге бастайды.

– Өзіміз баланың дамуына кері әсер етіп жүрген жоқпыз ба? Айтайын дегенім көп жағдайда телефоннан деп естіп жүрміз...



– Бала тілінің кеш шығуы баланың дамуына байланысты. Негізгі себебі анасының жағдайы мен дүниеге келгеннен кейінгі анамен қарым-қатынасы тікелей маңызды. Көп жағдайда нақты бір немесе бірнеше себепті айта алмаймыз. Себебі қазіргі таңда балалардың сөйлеу қабілеті әр түрлі дамиды. Жүкті кездегі ауыр жағдайлар, денсаулық мәселелері, экология, анемия немесе телефон мен гаджеттердің кері әсері себеп болуы мүмкін. Қазіргі балалар мультфильмдерді көп көреді. Ондағы кейіпкерлер тез-тез сөйлейді. Сонымен қатар ағылшын, орыс тілінде тыңдау салдарынан баланың сөздік қоры араласып кетеді. Сондықтан ата-аналарға гаджетті шектеуді ұсынамыз. Мүлдем тыйып тастау қиын, бірақ белгілі бір уақытпен мысалы, күніне 20 минуттан 1 сағатқа дейін баланың жасына қарай мөлшерлеп және белгілі бір талаппен беру қажет. Егер баланың 3 жасқа дейін тілі анық шықпаса, логопед маманына апарып, диагностика жасату қажет. Егер мінез-құлқында ерекшелік болмаса, логопедиялық сабақтар тез нәтиже көрсетеді. Сондықтан баланың сөйлеуін дамытуды кейінге ысырып, өкініп қалмаған жөн.

– Ал дыбыстарды дұрыс айтуға қалай дағдыландыруға болады?

– Баланың сөйлеуін дамытуға үйде де көмектесуге болады. Бала сөйлесе де, сөйлемесе де артикуляциялық және тыныс алу жаттығулары өте пайдалы. Үй жағдайындағы жаттығуларға тоқталып өтсем, «футбол» жаттығуы тілді оң және сол ұртына қою арқылы жасалады. Бұл әсіресе «р» және «ш» дыбыстарын ажырата алмай жүрген балаларға тиімді. Сондай-ақ тыныс алу жаттығулары да маңызды. Мұндай жаттығуларды күніне кемінде 5 минут орындауды ұсынамыз.

– Маман ретінде ата-аналарға қандай кеңес берер едіңіз? Балада тіл кемістігі болмаса да күнделікті қандай жаттығу жасау керек?

– Баланы анық сөйлетудің жолы – баламен жиі сөйлесу. Балаға үйдегі, даладағы немесе басқа да жерлерде болып жатқан құбылыстарды түсіндіріп отыру қажет. Ата-ана әр оқиғаны қызықты етіп баяндап, оның ойын сұрау қажет. Сондай-ақ баламен жиі ойнау керек. Дәл осындай әдістерге күнделікті 10-15 минут арнасада жеткілікті. Үйде отырып сөйлеуді дамытудың қарапайым жолдары көп. Баланың сөйлеуі мен дамуы үйдегі қарапайым қарым-қатынастан басталады. Балаға дайын дүниені ұсына бермей, оған өз бетінше әрекет етуге мүмкіндік беру керек. Бала ата-ана арқылы ғана өз ойын анық жеткізуге үйренеді. Сәби өмірге келгеннен 3 жасқа дейінгі кезеңінде ата-ана үлкен жауапкершілікпен қараса, дер кезінде үлкен мәселенің алдын алады.

– Сұхбатыңызға рахмет.

АРТЫҚ ҚЫЛАМЫН ДЕП... ПЛАСТИКАЛЫҚ ОТА ҚАТАҢ БАҚЫЛАУҒА АЛЫНАДЫ

Пластикалық хирургияның отаны

Ресми деректерге сүйенсек, әлемде жыл сайын 11 миллионнан астам адамға пластикалық ота жасалады екен. Оның ішінде пластикалық ота жасаудың түріне сұраныс артқан. Кейінгі жылдары эстетикалық қауымдастықтың дерегіне сүйенсек, дене бітіміне көңілі толмайтындардың көбі Отңүстік Корея, Бразилия, АҚШ және Мексикада Отңүстік Корея, Бразилия, АҚШ және Мексикада кездеседі. Әсіресе, ең көп ота жасалатын ел Отңүстік Корея болып тұр. Пластикалық хирургияның Корея болып тұр. Пластикалық хирургияның отаны атанған бұл елде мінсіз мүсін үшін түрлі ота жасататындар көп екен. Тұтынушылардың пікірі бойынша, арнайы зерттеу жүргізетін корейлік агенттіктің ақпаратына сүйенсек, қыз-келіншектердің 70 пайызы дене бітімін жақсарту үшін барса, көзін үлкейту үшін баратындар саны да осы шамалас.

Басы 1-бетте

Қазақстанда да пластикалық хирургия қарқынды дамып келеді. Зерттеулерге сүйенсек, бүгінгі таңда ең көп жасалатын оталардың қатарында блефаропластика, омырауды үлкейту, SMAS-лифтинг және липосакция бар. Әсіресе жас көрінуге және дене пішінін түзетуге деген сұраныс жылдан-жылға артып келеді. Ең қиыны, сұлулық құрбаны болып жатқандар бар. Осы орайда елімізде пластикалық ота жасауға рұқсат кімдерге және қалай беріледі деген сұрақ туындайды.


Бақылау неге күшейтілді?

Қайғылы жағдайлардың жиілеуіне байланысты Денсаулық сақтау министрлігі пластикалық ота жасайтын клиникаларға бақылауды күшейтетінін мәлімдеді. Бұл шешім медициналық қызмет сапасы мен пациент қауіпсіздігін бақылауды күшейту үшін қабылданды. Статистикалық деректерге сүйенсек, 2022 жылдан бастап бұл орталықтарға 92 жоспардан тыс тексеру жұмыстары жүргізілген. Нәтижесінде заң бұзушылықтар анықталып, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Министрлік мәліметіне сүйенсек, пластикалық хирургия қызметімен айналысу үшін медициналық ұйым міндетті түрде лицензия алуы қажет. Қазіргі таңда Қазақстанда пластикалық ота жасайтын 295 клиника жұмыс істейді. Оның 147-сі – жекеменшік медициналық ұйым. Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің мәліметіне сәйкес, прокуратура тапсырмасы негізінде 122 клиникаға жоспардан тыс тексеру жүргізіледі. Бұл жұмыстарға тәуелсіз сарапшылар да қатысады.

Сыртқы келбетті өзгерту – әр адамның жеке таңдауы. Бірақ кез келген шешім қауіпсіздікпен денсаулықтан жоғары тұрмауы керек. Бұл мәселе төңірегінде қанша адам болса, сонша пікір болатыны даусыз. Айтайын дегеніміз, кісі келбетін қалай өзгертемін десе де, өз еркі. Тек сұлулық құрбаны болып қалып жүрмейік. Жаратылысты жасандылыққа ауыстырамын деп жанталаспаған жөн.

Бетті дайындаған
Айтжанова



Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Атпасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3316 Тапсырыс №1311

Нөмірдің кезекші редакторы Айтжанова